

Ақмола облысында әскери-тарихи музей филиалы ашылды

Ақмола облысының Родина ауылында Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығы әскери-тарихи музейі филиалының салтанатты ашылуы өтті.

Іс-шара Ұлы Отан соғысы батырларына арналған ескерткішке гүл шоғын қою рәсімімен басталды. Ескерткіште Жеңісті жақындатуға үлес қосқан 130-дан астам ақмолалықтың есімі қашап жазылған. Рәсімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Халық қаһарманы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, Қарулы

күштердің ардагерлері, қоғам өкілдері және өңір тұрғындары қатысты.

Жаңа музей кешені жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу мен тарихи жады қалыптастыруда маңызды нысанға айналып отыр. Экспозицияда Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі қару-жарақ пен әскери техника үлгілері, архивтік материалдар, жауынгерлік тулардың түпнұсқалары, сондай-ақ Ақмола өңірінің Жеңісті жақындатуға және елдің дамуына қосқан үлесі туралы баяндайтын жәдігерлер қойылған.



Әскери-тарихи музейдің филиалы «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэрдің бастамасымен және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің қолдауымен ашылып отыр.

Музейді ашу ісіне Халық қаһармандары армия генералы Мұхтар Алтынбаев, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, сондай-ақ генерал-полковник Руслан Жақсылықов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арман Әсенов және басқа да азаматтар елеулі үлес қосты. Жобаны жүзеге

асыру үшін құрамына әскери-тарихи музей қызметкерлері, ауыл тұрғындары мен «Родина» агрофирмасының мамандары кірген жұмыс тобы құрылды. Сондай-ақ, Марат Құсайынов жетекшілік ететін «Мемориалдық аймақ» іздестіру жасағы зор көмек көрсеткенін атап өту керек.

Музейдің негізгі міндеті – келушілерді өңір мен Родина ауылының тарихымен таныстыру, туған өлкеңіз батырларының есімін мәңгі есте қалдыру, сондай-ақ олардың ерлігі мен жанқиярлығы үлгісінде жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру.

(Жалғасы 2 бетте).

ҰЛЫ ЖЕҢІС – ҰРПАҚҚА АМАНАТ



9 мамыр – елімізде және ТМД-ға мүше мемлекеттерде Жеңіс күні ретінде тарих қойнауына кірген күн. Бұл күн – тек мереке ғана емес, тарихқа тағзым, ерлікке құрмет күні. Сұрапыл соғыс жылдарында қанша ма сарбаз Отан үшін жанын қиып, болашақ ұрпақтың тыныштығы үшін күресті. Батыр бабаларымыздың қайсарлығы мен төзімі бүгінгі бейбіт күннің негізін қалады. Сондықтан олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Айбынынан ай жасырынған сұрапыл соғыс қанша ма жүрекке үрей ұялатты. Талай отбасының шаңырағын шайқап, әкені баладан, баланы әкеден айырып, аналардың көз жасын көлдетті. Бейбіт елдің тыныштығын бұзып, жүректерге өшпестей жара салды. «Елім» деген атпалдай азаматтар қолдарына қару алып, Отан үшін отқа түсті. Ел ертеңі үшін өрімдей жастар өмірлерін құрбан етті. Қаршадай қыздар қан майданға аттанды. Сол тәгілген қан, егілген жастың өтеуіндей жеңіске қол жеткізді. Жеңіс үні естілгенде қайғыдан қан жұтқан ел қуаныштан көздеріне жас алып, қаусаған қарт жас баладай кемсеңдеп, мәз болды. Қылышынан қан тамған сұрапыл соғыс жылдары келмеске кетсе де әкелген зардабы тарих беттеріне қатталып, майдангерлердің жадында жатталып мәңгіге қалды. Отан үшін өмірлерін қиған сарбаздардың қайсар ерліктері ұрпақтан ұрпаққа ұран болып қала бермек. Сол бір қанқұйлы шайқаста қазақ сарбаздары, білікті қолбасшылары өлмес ерлік көрсетті. Елімізден аттанған атқыштар және атты әскер дивизияларының жасаған қайталанбас ерліктері соғыстың алғашқы күнінен-ақ көзге түскені мәлім. Жалпы 11600 адам Кеңес Одағының Батыры атағын алса, оның 497-сі қазақстандық. Ал, сол соғыс тауқыметі ауданымызды да айналып өтпеді, майдан дала-сында 4200 бұландылық қаза тапты. Бес жерлесіміз «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды. Бір өкініштісі бүгін сол соғысты бастан кешкен майдангерлеріміздің қатары сиреген. Ұрпағына ұлы жеңісті сыйлаған ардагерлерге қандай құрмет көрсетсек те аздық емес.

Жеңіс күнін аудан тұрғындары жылдағы дәстүр бойынша атап өтті. Жеңіс саябағына жиналған көпшілік соғыста қаза болған сарбаздарды 1 минут үнсіздік жариялап еске алды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Биғайша Еслямбекқызы Тұртанова және Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің Ақмола Облысы Бұланды және Біржан Сал аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің басшысының орынбасары, капитан Солтан Аңсаған сөз сөйлеп бұл күннің маңыздылығына тоқталды. Гүл шоқтары қойылып, ерлікке тағзым жасалғаннан кейін орталық алаңда мерекелік концерт өтті. Дала асханасы мен соғыс жылдарындағы көрме көпшіліктің назарына ұсынылды. Мерекелі кеш барысында жүрекке жетер әсерлі әндер орындалып, көпшіліктің көңілін тербетті. Мұрат Исмағамбетов, Айгүл Тасанова, Дина Баймбетова шырқаған әндердің әсері жүрек тербетті. «Ритм» халықтық көркемөнерпаздар ұжымының тақырыпқа сай биі кеш шырайын кіргізді. Валентина Бойко, Ажар Исмағамбетова, Елена Сухоставская, Роман Масёров, Жансейіт Түкібаев, Сейілжан Сағидолла шырқаған әсем әндер мен Евгения Пустовалова оқыған поэзия мерейлі күннің рухын асқақтата түсті.

Жүрекке қуаныш ұялатқан ерлікке құрмет көрсету ұрпақ борышы. Жарқын болашақ үшін от кешкен жауынгерлер ерлігі ұрпақ жадында мәңгі жаңғырып қала бермек.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.



МЕРЕКЕЛІК АПТА – ПРАЗДНИЧНАЯ НЕДЕЛЯ

Ақмола облысында әскери-тарихи музей филиалы ашылды

Музейді ашу барысында заманауи әскери-музейлік кешендерді қалыптастырудағы озық шетелдік тәжірибе ескерілді.

Музейдің ашылу салтанатында сөз сөйлеген Қорғаныс министрі ұрпақтар сабақтастығының ерекше маңызын атап өтті.

– Бүгін біз жай ғана музей емес, болашақ құрметпен ұрпақ тәу етер тәрбие орнын ашып отырмыз. Мұндай

жобалар арқылы жастар бейбіт өмірдің қадірін, аға буынның ерлігін және Отанға қызмет етудің маңызын тереңірек түсінетін болады. Тарих тек оқулықтарда немесе цифрлық кеңістікте ғана болмауы керек, оны көріп, сезіне білу қажет, – деп атап өтті авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов.

Ұлттық әскери-патриоттық орталықтың бастығы Арман Әсенов

музей ісін дамыту жастардың патриоттық санасын қалыптастырудың маңызды бөлігі екеніне тоқталды.

– Мұндай музейлер балалардың өткен тарихпен танысып, ата-бабаларымыздың ерлігінің нақты айғақтарын көзбен көріп, жүректен сезінуіне мүмкіндік беру үшін ашылды. Патриоттық сезім өз тарихына, мәдениетіне және аға буынның ерлігіне деген құрмет арқылы

қалыптасады. Келешекте осындай музейлер еліміздің барлық ауылдарында ашылуы үшін бар күшімізді саламыз, – деді ол.

Музейге 100-ден астам жәдігер қойылған. Олардың қатарында 1939–1944 жылдары шығарылған 16 әскери техника бар. Атап айтқанда, бронды техника, артиллериялық жүйелер, ұшақ үлгілері, атыс қарулары және әскери тұрмысқа қатысты заттар.

Көптеген жәдігерлер бұрын Қарулы күштер әскери-тарихи музейінің қорында сақталған.

Экспозицияның жекелеген бөлімдері ақмодалық батырларға, соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлерінің ерлігіне, сондай-ақ өңір мен Қазақстан Қарулы күштерінің дамуына арналған.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі.

В Акмолинской области открылся филиал Военно-исторического музея

В селе Родина Акмолинской области состоялось торжественное открытие филиала Военно-исторического музея Национального военно-патриотического центра Вооруженных сил Республики Казахстан.

Мероприятие началось с возложения цветов к памятнику героям Великой Отечественной войны, на котором увековечены имена более 130 акмолинцев, героически приближавших Победу.

В церемонии приняли участие министр обороны Республики Казахстан генерал-лейтенант авиации Дәурен Қосанов, аким Акмолинской области Марат Ахметжанов, Халық қаһарманы генерал-лейтенант Бахытжан Ертаев, ветераны Вооруженных сил, представители общественности и жители региона.

Новый музейный комплекс стал значимым объектом военно-патриотического воспитания молодежи и сохранения исторической памяти. Экспозиция включает образцы вооружения и военной техники времен Великой Отечественной войны, архивные материалы, оригиналы боевых знамен, а также экспонаты, рассказывающие о

вкладе Акмолинского региона в Победу и развитие страны.

Филиал Военно-исторического музея Национального военно-патриотического центра Вооруженных Сил Республики Казахстан в селе Родина создан по инициативе генерального директора агрофирмы «Родина» Ивана Сауэра при поддержке Министерства обороны Республики Казахстан.

Значительный вклад в создание музея внесли Халық қаһарманы генерал армии Мухтар Алтынбаев, Халық қаһарманы генерал-лейтенант Бахытжан Ертаев, генерал-полковник Руслан Жаксылыков, заслуженный деятель Казахстана Арман Асенов и другие.

Для реализации проекта была сформирована рабочая группа, в состав которой вошли сотрудники Военно-исторического музея, представители села и агрофирмы «Родина». Существенную помощь оказал поисковый отряд «Мемориальная зона» под руководством командира отряда Марата



Кусаинова.

Основной задачей музея является ознакомление посетителей с историей региона и села Родина, увековечение памяти героев края, а также военно-патриотическое воспитание молодежи на примерах их мужества и самоотверженности. При создании музея был учтен передовой зарубежный опыт формирования современных военно-музейных комплексов.

Выступая на церемонии открытия, министр обороны отметил особую важность сохранения исторической правды и преемственности поколений:

Косанов.

Начальник Национального военно-патриотического центра ВС РК заслуженный деятель Казахстана Арман Асенов отметил, что развитие музейного дела является важной частью формирования патриотического сознания молодежи:

– Подобные музеи создаются для того, чтобы дети могли прикоснуться к живой истории, увидеть реальные свидетельства героизма наших предков. Чувство патриотизма воспитывается через уважение к собственной

истории, культуре и подвигам старшего поколения. Мы приложим все усилия, чтобы такие музеи открывались во всех селах нашей страны, – сказал он.

В музее представлены более 100 экспонатов, включая порядка 16 единиц военной техники 1939–1944 годов выпуска. Среди них – бронетанковая техника, артиллерийские системы, авиационные образцы, стрелковое вооружение и предметы военного быта. Многие экспонаты ранее находились в фондах Военно-исторического музея Вооруженных сил и имеют собственную боевую историю.

Отдельные разделы экспозиции посвящены героям-акмолинцам, трудовому подвигу тыла в годы войны, а также современному развитию региона и Вооруженных сил Казахстана.

Завершилось мероприятие выступлением творческого коллектива Национального военно-патриотического центра Вооруженных сил РК и детской студии «Жас сарбаз».

Министерство обороны Республики Казахстан.

НИЗКИЙ ПОКЛОН ЗА ТРУД, ТЕРПЕНИЕ И СИЛУ ДУХА



В рамках празднования великого и священного праздника - Дня Победы - с глубоким уважением и искренней благодарностью вместе с председателем районного филиала партии «AMANAT» Раушан Хожабай навестили почетных ветеранов: труженика тыла, ветерана труда и государственной службы Фридриха Штеттингера и ветерана педагогического труда, общественника Толубека Жусупбекова.

Для меня это не просто встреча, а особая честь прикоснуться к судьбам людей, чья стойкость, самоотверженный труд и любовь к Родине стали надежной опорой для будущих поколений. От всей души поздравила с наступающим

праздником Великой Победы, пожелала крепкого здоровья, душевного тепла, благополучия, долгих лет жизни, заботы близких и мирного неба над головой, преподнесла памятные подарки.

Низкий поклон вам за мужество, за неоценимый вклад в общее дело Победы, за силу духа, терпение. Ваш жизненный путь - это яркий пример истинного патриотизма, трудовой доблести и преданности родной земле.

Сегодня, как никогда, мы особенно остро осознаем цену мирного дня, спокойствия и согласия в нашей стране.

К. МЕНДЫБАЕВА, депутат Акмолинского областного маслхата, директор ТОО «ХПП Арна».



Пока жива память – живы герои

9 мая - день, вошедший в историю как День Победы. Это не просто праздник - это день памяти, день преклонения перед подвигом и мужеством народа. В суровые годы войны тысячи людей отдали свои жизни за Родину, за мирное будущее потомков. Мужество и стойкость героев стали основой сегодняшней мирной жизни, поэтому их подвиг никогда не будет забыт.

Страшная война, от ужаса которой содрогался весь мир, принесла людям невыносимые страдания. Она разрушила судьбы миллионов семей, разлучила отцов и детей, заставила матерей проливать слезы. Война нарушила мирную жизнь и оставила неизгладимый след в сердцах людей. Настоящие патриоты своей страны с оружием в руках встали на защиту Отечества. Ради будущего своей страны молодые юноши жертвовали жизнью, а совсем юные девушки уходили на фронт наравне с мужчинами. И именно ценой этих жертв была завоевана долгожданная Победа.

В годы Великой Отечественной войны казахстанские войны и талантливые полководцы проявили беспримерный героизм. С первых дней войны особой отвагой отличились стрелковые и кавалерийские дивизии, сформированные в Казахстане. Всего звания Героя Советского Союза были удостоены 11 600 человек, из них 497 - казахстанцы.

Тяжелое бремя войны не обошло стороной и Буландынский район. На фронтах погибли 4200



буландынцев, а пятеро наших земляков были удостоены высокого звания Героя Советского Союза. К сожалению, с каждым годом ряды ветеранов, прошедших через ужасы войны, становятся все реже.

По сложившейся традиции жители района отметили День Победы у мемориала в Парке Победы. Собравшиеся почтили память погибших минутой молчания. Поздравили земляков с Днем Победы председатель районного совета ветеранов Бигайша Тұртанова и заместитель начальника Объединенного отдела по делам обороны Буландынского района и района Біржан сал, капитан Солтан Аңсаған, которые подчеркнули особую

важность этой даты и важность сохранения исторической памяти.

После возложения цветов и минуты памяти на центральной площади состоялся праздничный концерт. Для жителей и гостей района были организованы полевая кухня и тематическая выставка, посвященная военным годам. Звучали проникновенные песни военных лет и современные композиции, наполнявшие сердца зрителей особым трепетом и благодарностью.

Тепло были встречены выступления Мурата Исмағамбетова, Айгуль Тасановой и Дины Баимбетовой, чьи песни никого не оставили равнодушными. Украшением праздничной программы стали тематические танцевальные номера народного художественного коллектива «Ритм». Свои музыкальные номера зрителям также подарили Валентина Бойко, Ажар Исмағамбетова, Елена Сухоставская, Роман Масёров, Жансейіт Түкібаев и Сейілжан Сағидолда. Особую атмосферу мероприятию придало проникновенное чтение поэзии Евгении Пустовой.

Сохранение памяти о подвиге героев - священный долг каждого поколения. Мужество воинов, прошедших через огонь войны ради светлого будущего, навсегда останется в сердцах потомков и будет служить примером истинной любви к Родине.

А. АМАНЖОЛОВА. Фото Ж. Зандыбай, Е. Алексенко.



АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Халықаралық отбасы күні

Отбасы – қоғамның алтын қазығы, адами асыл қасиеттерді бойына сіңіретін ұлағат ұясы. Отбасы – ұлылықтың, жылылықтың мекені. Отбасы – қоғамның құрамдас бөлігі, мемлекетіміздің мызғымас тірегі, ел ертеңінің, жарқын болашағының іргетасы. «Отан отбасынан басталады» деген ұлағатты сөз осыған қаратыла айтылса керек. 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні. БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен 1993 жылдан бері аталып келе жатқан мерейлі мерекенің маңызы ерен. Бұл бастама елімізде де қолдау тауып, 2013 жылдан бастап қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні болып бекітілді.

Халықаралық отбасы күні қарсаңында ауданымыздағы үлгілі, өнегелі отбасылардың бірін тілге тиек еткенді жөн көрдік. Өнерде оза шауып, білімде біліктілік танытып, ұлттық құндылықтарды ұлықтап жүрген жанұяның бірі – Шешхан

Бекешханұлының отбасы. Ұлттық спорттық тоғызқұмалақ жайлы сөз болғанда ауызымызға Шешхан отбасы оралатын еді. Бір кездері осы отбасының қаршадай қызы Алтынсекер тоғызқұмалақтан атой салып Азия чемпионатында топ жарып абыройымызды асқақтатты. Жалпы бұл отбасының кез келген мүшесі ұлттық спортқа жақын. Командалық жарыстарда облыс жеңімпаздары болып жүргендері дүйім жұртқа мәлім. Үйдің үлкені Сетер Шешханқызы ұлағатты ұстаз. Ауданымызға қарасты Капитоновка ауылындағы мектепте тарих пәнінің мұғалімі. Аманбек Шешханұлы

Үлгілі отбасы – қоғам тірегі



Біржансал ауданы Бұланды мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді. Тоғызқұмалақ спортынан шәкірттер тәрбиелеп жүрген білікті маман. Оразай Шешхан әскери салада еңбек ететін гвардия капитаны. Алматы қаласындағы Құрлық әскерлерінің әскери институтын кейін Қарағанды қаласындағы Болашақ академиясын бітірген. Қазіргі таңда Қонаев қаласындағы 32363

әскер бөлімінде батальон командирінің орынбасары болып еңбек етуде. Аралбек Шешханұлы IT маманы. Қаламыздағы №2 жалпы орта білім беретін мектебінің қызметкері. Алтынсекер Шешханқызы да ұстаздық жолды таңдаған Биология пәнінің мұғалімі. Зеренді ауданы «Қарауыл Қанай» би ауылының негізгі орта мектебінде еңбек етуде. Алтынсекердің тоғызқұмалақтан жеткен жетістіктері жетіп артылады. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ толағай табыстарға жетіп, биік белестерді бағындыра білді. Ал, әулеттің кенжесі Өмірзақ Шешханұлы дәстүрлі әнші. Талай-талай республикалық

халықаралық ән байқауларының жеңімпазы. Өмірзақ өнер саласын, соның ішінде дәстүрлі ән бағытын жанына жақын көріп, сол жолда біліп алды, тер төкті. Асқақ армандары арайлы Алматыға жетелеп сол жақта білімін шыңдады. Өмірзақтың өнер жолындағы ізденісі Көкше өңірінің дәстүрлі ән мектебіне жаңа тыныс берді десек артық айтқандық емес.

Ұл-қыздарының биік белестерді бағындырулары әрине отбасындағы салиқалы тәрбиенің арқасы. Әр баласының асқақ арманына жол ашып, оларды қолдай білген, көкжиекке көз тіксе қанаттарын қомдаған ата-анасы Шешхан Бекешханұлы мен Жақсылық Халдыбайқызына халықаралық отбасы күніне тұспа тұс келіп отыр. Олар 1989 жылы мамыр айының 13 күні шаңырақ көтеріп, отбасы болған екен. «Ұлы жол – отбасы табалдырығынан басталады» деген осы болса керек.

З. ЖАЙНАРБЕК.

Еңбек адамы

Жүрегі мейірімге толы, болмысы жанашыр ақ халатты абзал жан

Адам өміріндегі ең қадірлі мамандықтардың бірі - медицина саласы. Ал осы саланың ең жауапты әрі мейірімді мамандарының қатарында мейірбикелер тұрады. Себебі мейірбике - дәрігердің сенімді көмекшісі ғана емес, науқас жанның жанашыры, жүрек жылуын сыйлайтын жан. Бұл мамандық үлкен жауапкершілікті, кәсіби біліктілікті, сабыр мен төзімді, адамға деген ерекше мейірімді талап етеді. Кейде науқастың тезірек сауығып кетуіне дәріден бұрын жылы сөз бен қамқорлықтың өзі демеу болады. Осындай абзал қасиеттерді бойына сіңірген жандардың бірі - Бұланды аудандық ауруханасының терапия бөліміндегі тәжірибелі, өз ісіне адал, еңбекқор мейірбике - Айнагүл Зандыбай.

Айнагүл Зандыбайқызы 1965 жылы Моңғолия жерінде дүниеге келген. Мектепті аяқтаған соң бала күні арманына қадам басып, Ұлан-Батор қаласындағы медициналық оқу орнында білім алады. 1988 жылы мейірбикелік мамандықты тәмамдап, еңбек жолын туған ауылында бастайды. Жас маман кезінен-ақ адамдарға көмек көрсетуді өмірлік мұрат еткен Айнагүл ханым өз кәсібінде ерекше сүйіспеншілікпен қарай білді.

1993 жылы тарихи Отанына оралған мыңдаған қандастармен бірге Қазақстанға қоныс аударды. Сол уақыттан бері денсаулық сақтау саласында үздіксіз еңбек етіп келеді. Бұланды аудандық ауруханасының терапия бөлімшесінде 23 жылдан астам уақыт қызмет атқарып, көптеген науқастың алғысына бөленді. Жалпы медицина саласындағы еңбек өтілі 37 жылға жуықтаған тәжірибелі маман осы уақыт ішінде өзіне жүктелген міндетті адал әрі абыроймен атқарғаны сөзсіз.

Мейірбике болу - жай ғана мамандық емес, ол - үлкен жүректің ісі. Күн демей, түн демей науқастың жанынан табылып, әр адамның денсаулығына жауапкершілікпен қарау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Әсіресе терапия бөлімінде қызмет ету үлкен төзімділік пен мұқияттылықты талап етеді. Себебі бұл бөлімге ем алатын науқастардың басым көпшілігі егде жастағы кісілер.

Айнагүл ханым нағыз кәсіби мейірбикенің қасиеттерін бойына сіңірген жан. Әріптестері оны жауапкершілігі жоғары, адамгершілігі мол, сабырлы әрі өз ісінің шебері ретінде құрметтейді. Өз сөзінде ол жүрек қалауымен таңдаған мамандығын ерекше жақсы көретінін айтады. «Адамға көмектесу - үлкен бақыт» дейтін

мейірбике үшін әр науқастың сауығып, алғысын білдіруі - ең үлкен марапат.

Ана жолын қыздары да жалғастырып, бүгінде медицина саласында еңбек етуде. Бұл - мамандыққа деген құрмет пен отбасы тәрбиесінің жарқын көрінісі. Себебі дәрігер мен мейірбике мамандығы тек білімді ғана емес, мейірімділікті, жан тазалығын, адамға деген сүйіспеншілікті талап етеді.

Қоғамда мейірбикенің еңбегі әрдайым жоғары бағалануы тиіс. Себебі олар - адам жанының арашасы, ақ халатты абзал жандар.

Көп жылғы тәжірибесін медицина саласына арнаған Айнагүл Зандыбай әріптестеріне және барша медицина қызметкерлеріне зор денсаулық, төзім мен сәттілік тілейді. Ал өзі қызмет еткен қасиетті салаға деген алғысы шексіз екенін ерекше ықыласпен жеткізеді.

Адам өмірі мен денсаулығын сақтауға үлес қосып жүрген осындай ақ халатты жандардың еңбегі қашан да құрметке лайық.

Еңбегіңіз жемісті болсын, Айнагүл Зандыбайқызы, өмірлік ұстанымдарыңыз көпке үлгі болып, елдің алғысын ала беріңіз!

А. АМАНЖОЛОВА.



Ауыл өміріндегі маңызды жоба

Өткен жексенбіде Қараөзек ауылдық округіне қарасты Байсуат ауылында жаңа волейбол алаңының салтанатты ашылуы өтті. Бұл шара спортты дамытуға және ауыл жастарының белсенді демалысына қолайлы жағдай жасауға бағытталған маңызды қадам болды.

Ашылу салтанатына Байсуат ауылының тұрғындары, сондай-ақ Қараөзек ауылы, Вознесенка ауылы және Байсуат ауылының командалары қатысты. Іс-шараның құрметті қонағы ретінде Қазақстан Республикасының волейболдан жоғары санатты ұлттық төрешісі Сергей Сергеевич Гелисханов арнайы шақырылды.

Іс-шара аясында достық волейбол турнирі ұйымдастырылып, жарыс жылы әрі достық атмосферада өтті. Қатысушылар жоғары дайындық деңгейін, командалық бірлікті және жеңіске деген жігерін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді: I орынды - Қараөзек

ауылының командасы, II орынды - Вознесенка ауылының командасы, III орынды - Байсуат ауылының командасы жеңіп алды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Іс-шараны ұйымдастыру мен өткізуге «Stone Sand» ЖШС және «Seta Company» ЖШС демеушілік қолдау көрсетті. Ұйымдастырушылар спортты дамытуға және жастар бастамаларын қолдауға қосқан үлестері үшін алғыстарын білдірді.

Жаңа волейбол алаңының ашылуы ауылдық округ тұрғындары үшін нағыз спорт мерекесіне айналды.

Барлық қатысушыларға зор денсаулық, толағай табыс және жаңа жеңістер тілейміз! Жаңа спорт алаңы белсенді демалыс пен достықтың, болашақ чемпиондарды тәрбиелейтін орталыққа айналсын!

А. МОЛДАСПАЕВ, Қараөзек ауылдық округінің әкімі.

Важный для села проект

В минувшее воскресенье в селе Байсуат Караозекского сельского округа состоялось торжественное открытие новой волейбольной площадки. Это событие стало важным шагом в развитии спорта и создании условий для активного досуга сельской молодежи.

В открытии приняли участие жители аула Байсуат, а также команды из аула Караозек, села Вознесенка и аула Байсуат. Почетным гостем мероприятия стал Национальный судья высшей категории по волейболу Республики Казахстан Сергей Сергеевич Гелисханов, приглашенный на церемонию открытия.

В рамках мероприятия был организован дружеский турнир по волейболу, который прошел в теплой и дружеской атмосфере. Участники продемонстрировали высокий уровень подготовки, командный дух и стремление к победе.

По итогам соревнований призовые места распределились следующим образом: 1 место

заняла команда аула Караозек, 2 место - команда села Вознесенка, 3 место - команда аула Байсуат.

Победители и призеры турнира были награждены дипломами и памятными призами.

Спонсорскую поддержку в организации и проведении мероприятия оказали ТОО «Stone Sand» и ТОО «Seta Company». Организаторы выразили благодарность за вклад в развитие спорта и поддержку молодежных инициатив.

Открытие новой волейбольной площадки стало настоящим праздником спорта для жителей сельского округа.

Желаем всем участникам крепкого здоровья, новых спортивных достижений и ярких побед! Пусть новая площадка станет местом встреч, активного отдыха и воспитания будущих чемпионов.

А. МОЛДАСПАЕВ, аким Караозекского сельского округа.



ХАТ ҚОРЖЫНЫ – ОТДЕЛ ПИСЕМ

МЕЖЭТНИЧЕСКОЕ СОГЛАСИЕ – РЕЗУЛЬТАТ ЗРЕЛОСТИ НАРОДА КАЗАХСТАНА

Казахстан – благодатная земля, богатая страна, священный шанырақ для более чем 130 народов, населяющих эти просторы. Мы все понимаем, что единство народа – это главный фактор сохранения нашей идентичности, государственности и сохранения завоеваний нашей независимости.

Казахстан – это многонациональное и многоконфессиональное государство, где мирное сосуществование представителей различных этносов и религий является одной из важнейших ценностей. С первых лет независимости республика последовательно проводит политику, направленную на укрепление межэтнического и межконфессионального согласия, которое стало основой стабильности и устойчивого развития страны.

Вдумайтесь только: на территории Казахстана проживают более 130 этносов и представители свыше 18 конфессий. Среди них – казахи, русские, узбеки, украинцы, уйгуры, татары, немцы, корейцы и многие другие. Что касается религиозной принадлежности, то наибольшее распространение получили ислам и христианство, но также представлены иудаизм, буддизм, индуизм и другие религии.

Такое разнообразие могло бы стать источником конфликтов, но Казахстану удалось превратить его в ресурс развития, взаимного обогащения и диалога. Государственная политика в области межэтнических и межконфессиональных отношений базируется на принципах равен-

ства, толерантности, взаимоуважения и недопустимости дискриминации. В стране действует Ассамблея народа Казахстана – уникальный общественный институт, призванный укреплять единство нации, возглавляет который Президент нашей республики. АНК объединяет представителей всех этносов, способствует диалогу, решению социальных вопросов, сохранению культурного наследия.

В своем Послании Глава государства отметил, что в сегодняшнем мире все воспринимается по-иному, особенно молодежь. Подростающее поколение отвергает религиозный радикализм и крайний национализм. Для них главные проявления патриотизма – это созидание и новаторство. Поэтому большое внимание нужно уделять воспитанию, образованию и культуре особенно в аспекте толерантности. В школьной и вузовской учебных программах сегодня присутствуют дисциплины, направленные на формирование межэтнической культуры и уважения к различиям.

Несмотря на достигнутые успехи, Казахстан не застрахован от вызовов и угроз как внешних, так и внутренних. Глобализация,



миграционные процессы, информационные «вбросы» и внешние конфликты требуют постоянного внимания и адаптации политики государства. Однако благодаря сформированной за годы независимости культуре мирного сосуществования, страна имеет прочный фундамент для дальнейшего укрепления согласия.

Межэтническое и межконфессиональное согласие в Казахстане – это результат взвешенной государственной политики, поддержки гражданского общества и зрелости самого народа. В условиях мировой нестабильности Казахстан демонстрирует пример того, как возможно строить общество на принципах уважения, доверия и сотрудничества.

Б. ТУРТАНОВА, председатель Совета ветеранов Буландынского района, лидер общественного мнения Буландынского района.

Ұлттық құндылығымызды қастерлейік!

Отан қорғаушылар күні қарсаңында қала мен ауыл педагогтары арасында Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің ұйымдастыруымен «Асық ату» ұлттық ойыны бойынша аудандық турнир өз мәресіне жетті. Бұл дода ұлттық рухты оятып қана қоймай, тәрбиелік мәні бар үлкен ойын.

Асық ату – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі, ол балалар мен жастардың мергендігін, ептілігін және дәлдік қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл ойында қой немесе ешкінің асық сүйектері пайдаланылады, ал ойыншылар арнайы тандалған сақамен жерге тігілген асықтарды көздеп



төмендегідей нәтиже көрсетті:

- I орын – Макинск қаласының мектеп-гимназиясы,
- II орын – «Балдырған» бөбекжайы,
- III орын – Алтынды орта мектебі.

Жұлделі орынға ие болған командаларға кубок, медаль және ақшалай сыйлықтар үлестірілді. Ұлттық құндылығымызды жоғалтпай, қастерлей білейік!

Аудандық білім беру бөлімі.

атады. Ойын барысында қарсыластар дәлдік пен шапшаңдыққа сүйеніп, неғұрлым көп асықты құлату арқылы жеңіске жетуге тырысады. Асық ату тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық дәстүрді сақтап, ұрпаққа салауатты бәсекелестік пен шеберлікті үйрететін маңызды мәдени мұра болып саналады. Сайыс барысы өте тартысты және өте қызықты өтті. Ауданның білім ордаларынан құрылған командалар сапалы және әсерлі ойын көрсетті. Сайыс қорытындысы бойынша командалар

ИСТОЧНИК ДОБРОТЫ, МУДРОСТИ И ДУШЕВНОГО ТЕПЛА



День матери – это особый праздник, наполненный теплом, любовью и искренней благодарностью. В этот день мы выражаем признательность самым дорогим людям – нашим мамам, которые дарят заботу, поддержку и безграничную любовь.

Мама – это источник доброты, мудрости и душевного тепла. Именно она сопровождает нас с первых дней жизни, помогает преодолевать трудности, радуется нашим успехам и всегда остаётся рядом. Благодаря материнской любви в семье сохраняются уют, взаимопонимание и гармония.

Хочется пожелать всем мамам крепкого здоровья, счастья, благополучия и радостных моментов в кругу семьи. Пусть ваши сердца всегда будут согреты вниманием и заботой близких, а в доме царят мир, любовь и согласие.

С праздником, дорогие мамы!

Г. НУРКИШЕВА, старший специалист Модельной детской библиотеки.

Ребенок должен расти в атмосфере любви, доверия, взаимоуважения и личного примера

Комиссия по делам несовершеннолетних – особая категория комиссий, где невозможно оставаться равнодушным. Здесь рассматриваются не просто административные материалы или правонарушения – здесь решаются судьбы детей, чье детство оказалось омрачено взрослыми ошибками, равнодушием или безответственностью. За каждым рассмотренным делом – маленькая жизнь, которая только начинается, детские глаза, в которых еще живет надежда на любовь, заботу и понимание.

На очередном заседании комиссии вновь рассматривались материалы в отношении родителей, уклоняющихся от исполнения своих обязанностей. Факты, изложенные в официальных документах, не могут не вызывать тревогу: злоупотребление спиртными напитками, антисанитарные условия проживания, отсутствие элементарной заботы о детях, которые порой остаются без еды, тепла и внимания. Чаще всего речь идет о матерях, воспитывающих детей в одиночку, не сумевших справиться с жизненными трудностями и потерявших чувство ответственности перед собственным ребенком.

Особенно больно осознавать, что даже в таких тяжелых условиях дети продолжают оставаться искренними, талантливыми и добрыми. Многие из них хорошо учатся, проявляют способности к творчеству, спорту, мечтают

о будущем и, несмотря ни на что, продолжают любить своих родителей. Детское сердце умеет прощать многое, но предательство и равнодушие самых близких людей оставляют глубокий след на всю жизнь.

Вместе с тем комиссия сталкивается и с другой проблемой. Бывают семьи внешне благополучные, обеспеченные материально, где ребенок сыт, одет и имеет все необходимое. Однако за постоянной занятостью родителей, стремлением обеспечить детям достойный уровень жизни нередко теряется самое главное – внимание, участие и живое общение. Подросток оказывается предоставленным самому себе, попадает под влияние улицы или сомнительного окружения. Без должного контроля и поддержки сначала появляются незначительные проступки, а затем и серьезные нарушения закона.

Именно поэтому специалисты вновь и вновь подчеркивают: воспитание ребенка невозможно свести только к материальному обеспечению. Семья – это не только крыша над головой и достаток. Это атмосфера любви, доверия,



взаимоуважения и личного примера. Именно в семье формируются нравственные ориентиры, чувство ответственности, уважение к закону, к старшим, к обществу. Родители являются



для ребенка первой и самой важной опорой в жизни. Для каждого мальчика или девочки мама и папа – это защита, надежность и уверенность в завтрашнем дне.

Государство уделяет особое внимание вопросам защиты прав несовершеннолетних. Органы опеки, полиция, школы, социальные службы, комиссии по делам несовершеннолетних работают для того, чтобы своевременно выявлять семьи, оказавшиеся в трудной жизненной ситуации, предотвращать правонарушения среди подростков и защищать интересы детей. Закон предусматривает ответственность родителей за ненадлежащее исполнение обязанностей по воспитанию, содержанию и обучению несовершеннолетних. Но при всей важности государственной поддержки ни одно учреждение не способно заменить ребенку настоящую семью, тепло родного дома и любовь близких людей.

На заседании комиссии родители призывают задуматься о последствиях собственного поведения, о будущем своих детей, о том, что упущенное воспитание

может привести к тяжелым последствиям. Ведь именно в детстве закладывается фундамент личности человека. И от того, какие ценности ребенок увидит в семье, зависит его дальнейшая судьба.

В ходе заседания очередной комиссии был рассмотрен плановый вопрос обеспечения безопасности в организациях образования. С докладом выступил старший инспектор УИП группы ювенальной полиции Буландынского РОП, старший лейтенант полиции Аслан Жусупов. В ходе выступления были озвучены меры, направленные на обеспечение безопасности учащихся, профилактику правонарушений среди несовершеннолетних и усиление взаимодействия между школами, родителями и правоохранительными органами.

Сегодня особенно важно помнить: счастливое и безопасное детство начинается именно в семье. Никакие современные технологии, материальные блага или государственные программы не заменят ребенку родительской любви, внимания и участия. Только совместными усилиями семьи, школы, общества и государства можно воспитать достойное поколение, способное уважать закон, ценить человеческие отношения и строить сильное будущее своей страны.

А. АМАНЖОЛОВА, член комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав при акимате Буландынского района.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ

Отты жырдың оғланы: Ақын Олжас Сүлейменов 90 жаста

Алматыда көрнекті ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің 90 жас мерейтойына арналған тағылымды әдеби кеш өтті.

Рухани басқосуда ақынның шығармашылық мұрасы, азаматтық келбеті, әлем әдебиетіндегі орны мен уақыт өткен сайын биіктей түсетін тұлғалық болмысы кеңінен сөз болды.

Мерейтойға орайластырылған кешке зиялы қауым өкілдері, әдебиет пен ғылым саласының мамандары, оқырман қауым және ақын шығармашылығына құрметпен қарайтын қонақтар жиналды. Қонақтар қатарында философия ғылымдарының докторы, профессор, фарабитанушы Жақылбек Алтаев, филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзин, журналистика теоретигі, белгілі зерттеуші Сағымбай Қозыбаев, Болат Өтемұратов қоры Бас директорының орынбасары Гүлмира Мурзалинова, сондай-ақ ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайберген болды.

Жиында сөз алғандар Олжас Сүлейменов шығармашылығының бірнеше буының дүниетанымына ықпал еткенін ерекше атап өтті. Ақын поэзиясындағы терең ой, биік пара-

сат, адамзаттық құндылықтар мен қоғам алдындағы жауапкершілік оның қаламгерлік қуатын ғана емес, азаматтық болмысын да айқындай түсетіні айтылды.

Кеш барысында журналистика теоретигі, белгілі зерттеуші Сағымбай Қозыбаев та баяндама жасап, Олжас Сүлейменовтің ұлт бірлігіне айрықша мән беретінін атап өтті. Оның айтуынша, ақын қашанда елдің ынтымағы нығайып, қазақтың бақ-берекесі арта түсуін тіледі. Сондай-ақ ғалым қаламгер туындыларындағы ұлттық мінез бен халықтық реңкке арнайы тоқталды.

Мерейтой аясында «Поэмалар кітабының» тұсаукесері өтті. Бұл басылымға Олжас Сүлейменовтің классикалық поэмаларымен қатар,



Жазушы Мұхтар Мағауин мен ақын Олжас Сүлейменов шетелдік әріптестерімен

бұрын-соңды жарияланбаған туындылары да енген. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жинаққа ақынның әр жылдары жазған барлық шығармалары түгел топтастырылмаған. Оның орнына көркемдік қуаты мен ой салмағы терең, уақыт тезінен өткен таңдаулы поэмалары іріктеліп берілген.

Кітап «Адамға табын, Жер енді!» поэмасымен ашылады. Одан кейінгі

шығармалар адам болмысы, сана, рух, уақыт пен тіршілік мәні секілді мәңгілік тақырыптарды арқау етіп, оқырманды терең ойға жетелейді. Поэмалар бірінен бірі табиғи өріліп, ақынның көркемдік әлемін, ой кеңістігін, шығармашылық ізденісін айқын танытады.

Жаңа басылымның басты ерекшелігінің бірі – бұрын жарық көрмеген «Сыр белгісінің тарихы» поэмасының алғаш рет жариялануы. Бұл туындыны әдеби сыншылар осыдан жарты ғасыр бұрын-ақ «болашақтан келген қонақ» деп бағалаған.

Жалпы, бұл жинақтағы әр поэма – ұлттық мәдениетіміздің шежіресіне айналған қымбат мұра. Сондықтан

жаңа басылым ақынның әдеби әлемін бүгінгі оқырманға жақындата түсетін маңызды еңбек ретінде бағаланды. Кеш барысында ақын мұрасын ұлықтау мақсатында арнайы кітап табыстау тақырыптарды ханның ұрпағы Мұрат Натаяұлы Кенесары, меценат Санат Цукубаева және ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшысы Қайрат Мұқанов табыс етті.

Жиналған қауым жаңа жинақ Олжас Сүлейменов мұрасын жаңа қырынан танытып, ақын шығармашылығына қызығатын оқырман үшін құнды рухани олжа болатынын айтты. Туындыда көрермен назарына «Қазақфильм» киностудиясы мен IG company ұсынған «Адамдарды алдаған емеспін» атты деректі фильм ұсынылды. Туындыда белгілі қаламгер, ақын, аудармашы әрі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің шығармашылық және азаматтық болмысы кеңінен көрініс тапқан.

Осылайша, Олжас Сүлейменовтің 90 жылдығына арналған рухани кеш ақын мұрасын ардақтап қана қоймай, оның шығармашылық әлемін жаңа буынға жақындата түскен маңызды мәдени оқиғаға айналды.

aqshamnews.kz.

АВТОР, ПРОДЛИВШИЙ БИОГРАФИЮ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА

В этом году Казахстан и другие читающие нации мира празднуют 90-летие Олжаса Сүлейменова – поэта и мыслителя, лидера международного антиядерного движения «Невада – Семей», директора Международного центра сближения культур под эгидой ЮНЕСКО.

РАДОСТЬ ОТКРЫТИЯ

Раз в столетие эпоха избирает человека, который, разгадав слова, адресованные векам, совершает поступки, оказавшиеся смыслом и оправданием поколений. Для второй половины XX – начала XXI веков такой человек – Олжас Сүлейменов. Автор века, разгадавший и продливший биографию человечества.

Его книги с первых слов берут читателя за живое и на скорости дыхания открывают перед ним миры автобиографического и исторического, детских потерь и мудрых уроков, дружб и откровений, чьих-то подвигов и подлости, разгаданных знаков древности, забытых тысячелетий радости и вечных минут молчания на краю света. И читатель возвращается оттуда уже другим, «осененный выдохом вечности – словом», почувствовав себя больше (размером с человечеством) и старше (на несколько тысячелетий).

Отличие взгляда Олжаса Сүлейменова от, к примеру, толстовской «точки зрения – над схваткой» в том, что он всегда был в эпицентре исторических событий. А порой и влиял на их ход. История с юности признала в поэте своего творца, вернувшего тюрко-славянской историографии несколько доказательных тысячелетий.

...Моя осознанная жизнь началась с его книг.

Избранные стихи, вспыхнув алой обложкой, как знаменем, в забытом книжном ряду, пережив антикнижную революцию 90-х, пройдя сквозь растерянные десятилетия нулевых, открылись читателю нелитературного столетия.

Удивительное совершалось в тот день между книгой и мной. Властное, как время. Настоящее, как чудо. Радостное, как жизнь. Точность узнавания великого современника, чьи слова и поступки изменили страну и мир к лучшему, с первых минут охватывала неиспытанным до сих пор чувством – благодарности гению, с которым тебе дано разделить время.

И каждое его слово, в котором улыбался бог, наполняло жизнь радостью первого открытия.

ПУТЬ В БУДУЩЕ

С его книг начиналось многое.

